



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Анализ последнего рисунка показывает, что по мнению 64% опрошенных журналистов их влияние на аудиторию выросло, благодаря использованию социальных сетей.

72% журналистов уверены в том, что социальные медиа необходимы для ежедневного продвижения.

68% уверены в том, что журналистика не может больше существовать без социальных медиа.

62% считают, что с помощью социальных медиа можно охватить большую аудиторию, чем с помощью традиционных СМИ.

32% журналистов не доверяют социальным сетям.

80% журналистов признаются, что иногда публикуют информацию из социальных сетей без какой-либо фактологической проверки.

54% журналистов считают, что новые медиа подрывают традиционные СМИ.

В ходе цифровой глобализации влияние социальных сетей на все сферы увеличивается. Особенно это повлияло на развитие сферы журналистики. Это выражается появлением новых медиа и изменениям в традиционных СМИ: газетах, журналах и телерадиовещании. Цифровое потребление новостей и иного контента растет, и журналисты используют социальные медиа в корреляционной манере. Роли и обязанности журналистов меняются и все больше зависят от социальных платформ для публикации, распространения и продвижения контента. Можно быть уверенным в том, что социальные сети будут оказывать все большее влияние на формирование новости и традиционные СМИ. Исследования, проведенные в статье доказывают, что большинству современных журналистов удобнее работать в социальных медиа: они чувствуют себя свободнее и искреннее. Главное, чтобы журналисты не забывали про свои обязанности и журналистскую этику.

#### **Список использованных источников**

1. Клара Ших. Эра Facebook.- Манн, Иванов и Фербер, 2012, С. 123-127.
2. Natalie Fenton. New Media, Old News: Journalism and Democracy in the Digital Age.- SAGE Publications, 2010, 220 с.
3. Kimberly W. O'Connor, Gordon B. Schmidt, Michelle Drouin. Suspended Because of Social Media? Students' Knowledge and Opinions of University Social Media Policies and Practices. - Purdue University Fort Wayne, 2016, С. 3-7.
4. The Impact Of Social Media On News and Journalism [Электронный ресурс]: Режим доступа: <http://www.nyfa.edu/student-resources/social-media-in-journalism>
5. How Are Journalists Using Social Media? [Электронный ресурс]: Режим доступа: <http://www.adweek.com/digital/how-are-journalists-using-social-media-report/>

УДК 8.82

### **ЖЫЛҚЫБАЙ ЖАҒЫПАРҰЛЫ – ПУБЛИЦИСТ, ЖУРНАЛИСТ**

**Алтынбек Аяулым Серікқызы**

*[altynbek.ayau@gmail.com](mailto:altynbek.ayau@gmail.com)*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
журналистика мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.Е.Тапанова

Журналистика әлеміне індете барған шын әдебиетші немесе әдебиетті жан-жақты зерттеген шын публицист некен-саяқ десек, Жылқыбай Жағыпарұлы осы екі жолды қатар алып жүре алған, сондай-ақ көркем әдебиетке де қалам сілтеген аз топтың ауылынан табылған қарымды журналист. Қаламгер қайраткерлігінің күші оның ойларының өміршендігімен өлшенеді.

Публицист Жылқыбай Жағыпарұлы 1954 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы қаласында дүниеге келді. Ол Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институттың тарих факультетін тәмамдаған. Қарымды қаламгер өзінің алғашқы еңбек жолын 1978 жылы Целиноград (Ақмола) облыстық «Коммунизм нұры» (қазіргі «Арқа ажары») газетінде әдеби қызметкер ретінде бастады. Талапты жас өз ортасында қалам ұстап сөз толғау қабілетімен таныла бастайды. Кейіннен осы басылымда 2005 жылға дейін табан аудармай еңбек етіп, бас редактордың орынбасары қызметіне дейін өсу жолынан өтті. 2005-2007 жылдар аралығында «Ел» республикалық тәуелсіз газетінің бас редакторы болып еңбек етті. 2007 жылдан бастап еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстан» газетінде шолушы болып қызмет атқарады.

Еңбек пен азаматтық қолтықтасып, бірін-бірі толықтырып жатады. Көп тындыратындардың қарапайым келетіндігі де сондықтан. Адал еңбегі үшін өз аяғына келген сый-сияпатты қомсынбай қабылдап, қолы жетпегеніне ренжімейтін, өкінбейтіндердің бірі – Жылқыбай Жағыпарұлы. Зерде көзі мен жүрек үнінің әсерінен публицист өмір иіріміне бұрынырақ, оза қарауға бейім болды. Тыным таппай ел тағдырына шұқшия қараудан ешқашан шаршаған емес. Журналист һәм публицистің қарапайымдылығы сонша, жасаған жақсылығын өзгелерге жарияламауға тырысқан, атақ қуып аптықпаған. Целиноградта орыс мектептерінің ішінен қазақ сыныптарын ашуға, мұндағы көше атауларын қазақыландыруда ат салысқан еңбегін біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі таңда бүтіндей кең-байтақ қазақ еліне белгілі журналист, жазушы Жылқыбай Жағыпарұлы өзінің шығармашылық жолын қазақ мәдениеті мен қоғамдық пікірін қалыптастыруда еңбек еткен қара шаңырақтың бірі, ғасыр жасаған – облыстық «Арқа ажары» газетінен бастап еді. Ол алғашқы күннен бастап, өзінің табиғи талантымен жарқырап көрінді. Қаламы ұшқыр, тереңнен толғай алатын, көп ізденетін журналист көкейтесті мәселелерді қыртысымен қопарып, «Азаматтық арға сын», «Туған тілім түлеген күн», «Журналист толғанысы» сынды талай-талай кесек материалдар жазды.

Бүгінгі күнде елдің бас газетіне айналған – «Егемен Қазақстанда» шолушы болып істейтін Жылқыбай Жағыпарұлының өзі де осы қағиданы басшылыққа алып, өзінен кейінгі жастардан ізденімпаздықты талап етеді. Оның жазған дүниелері әрқашан да оқырманның ыстық ықыласына бөленіп жатады. Сондықтан да болар сергек ойлы қаламгерге Тәуелсіз еліміздің «Құрмет» ордені берілді.

Оның қаламгерлік қарымы журналистік жол сапарларда, редакциялық қызметте қалыптасты. Публицистің өмір ағысын аңдау, қоғамдағы саяси әлеуметтік құбылыстарды терең саралап ұғу тәжірибесі осы жолда айрықша дамыды. «Көз жұмып, құлдық ұрып, бас шұлғимыз» атты көлемді мақаласында ел тағдыры жер дауын қаузап, өзінің жанайқайын білдіреді. Халық тағдырын қолына ұстаған ханның да, ұрпақ болашағына жауапты қараның да ұлт мүддесі мәселесін қағида тұтуы керектігін баса мән беріп айтады.

Өмірдің тылсым жұмбағына ерекше құмар, дархан жүректі дарын иесі Жылқыбай Жағыпарұлы өзінің барлық публицистік туындыларын Ақмола атырабында дүниеге келтіріп, елдік мәселелерді қалың оқырманға жолдады. Оның мақалаларында көтерілетін проблемалар мен бейнеленетін кейіпкерлер қоғамдық-саяси, әлеуметтік оқиғалардың нақты көрінісін сипаттайды. «Құрылыста жүр талай қазақ баласы» деген өзекті мақала көпшілік назарын аударған толымды мақала болды. Жұмыс іздеп құрылысқа келетін жастардың қауіпсіздік талаптарын сақтамауы салдарынан ажал құшатындары, қыршыннан кеткен қаншама жастың өміріне жауаптылар туралы мәселе көтерді. Еңбек шартына отырмай жұмыс істеудің қандай қатерге әкелетінін ашып айтады. Жұмыс беруші компаниялардың қитұрқы жүйелерінің қулығын әшкерелеп береді. Көзбояушылықтардың салдарынан құрылыс алаңдарында болып жатқан қайғылы оқиғаларды тізіп шығып, олардың себептерін зерттейді.

Өмір ешқашан мінсіз кейіпте болған емес. Тағдырдың ауыр сойқандары мен кеселді тосқауылдары қай кезеңде болмасын белгілі бір әлеуметтік топтың тағдырын құрап, нақты адамдардың басын тауға да, тасқа да соққызады. Міне, сөз болып отырған қаламгер Жылқыбай ақыл-ойының кемелдігімен өз заманының осындай үлкенді-кішілі бұралаң иірімдеріне терең үнілді, оларды таратып, сараптап жазды, өзінің өткір мақалалары арқылы заманының бедерін, беталысындағы күрмеуі көп мәселелерді үзбей жазып, үнемі көтеріп

отырды. «Құрылыста жүр талай қазақ баласы», «Қыршындар үшін кім жауапты?», «Алмақтың да салмағы бар» атты мақалаларында қаламгер замана келбетін, қоғамның өткір мәселелерін ашып көрсетіп береді.

Жылқыбай Жағыпарұлының қалам ұстап, публицистикаға ден қойғанына биыл қырық жылдың жүзі болды. Еліміздің бас басылымы –«Егемен Қазақстан» газетінде публицистің жұрт тамсанып оқитын мақалалары талай мәрте жарияланды. Өзін қалың көпшілікке көрсетіп, жарнамалап, «Мен сондай болғанмын» деп кеуде қағып мақтанған емес. Сол қарапайымдылығынан болар екінің біріне беріліп, қадірі қашып кеткен марапаттар мен ұлы атақтар оған бұйырмады.

Журналистің шығармашылығы, кісілік келбеті, азаматтық ажары туралы замандастары толымды пікірлер қалдырған. «Асуы мен қиясы, ұңғылы мен шұңғылы мол шығармашылық бәсекелестікте (жақсы мағынасында) өзімшілдіктен, босқа әлектенуден, өндіріштеуден аулақ болды. Өзі жанындай сүйген шығармашылық өнерімен айырылмастай дос; осы уақыт ішінде ол өнері де мұны жалғыз тастамады. Сүйемелші, тіпті, кей кезде, өзіне жанашырмыз дегендердің қолынан келмеген берік қорғаны бола білді» [1], деп Болат Төлепберген публицист Жағыпаровтың шығармашылық шеберханасына баға береді.

«Жылқыбайдың шығармашылық өресін, оның қазірдің өзінде қапысыз қаламгерлік өзіне тән қолтаңбасы бар екендігін күмәнсіз таныдық» [2,192], деген бағалаулардан оның журналистік шеберханасының қаншалықты бай болғанын аңғаруға болады.

«Коммунизм нұрында» өңкей мықтылар істейтін. Алдан Смайылов, Мәди Хасенов, Жомарт Әбдіхалықов, Жылқыбай Жағыпаров, Жұматай Сабыржанов, Амангелді Жұмабеков, Төлеген Ілдебаев, Мағжан Садыханов болып жалғасатын журналистердің бәрі сайдың тасындай кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін талантты қаламгерлер еді» [3,4]

Оның тіл, стиль, тақырып қоюдағы талғампаздығы - журналист боламын деген жастар ескеруі тиіс ерекшеліктер. Мысалы, публицист «Уа, қандастар, Қазақстан кім үшін?», «Атамекен – бабалардан қалған мирас», «Өмір-ай, қалтылдаған қайығы бар...», «Бір уыс топырақ бұйырмады» деп мақаладағы айтылатын ең негізгі ой-ұсыныстарды тақырып етіп алып оқырман назарына ұсынды. «Тентекті түрме түзетпес», «Жоспарлы жарылысқа жол жоқ!», «Күніренумен күй кешкен», «Ардагерлерді аялаған аурухана» деп тақырып қоюда кейде аллитерация мен ассонас тәсілдерін қолданған.

Бүгінге дейінгі шежіре шындығына жүгінсек, азамат журналист қай заманда да өз елінің сүйікті ұлы, халқының қалаулысы болғаны белгілі. Сол себептен де ол өз мақалаларында халық атынан сөйлеп, сол халықтың мұңын жоқтап, мүддесін қорғай білген. «Бесоба синдромының» салқыны», «Әлеуеттің әрін кіргізетін қадам», «Қазақ даласы күл-қоқыс қоймасы емес» деген проблемалық мақалаларында ел назарындағы өзекті мәселелер мен қатпар-қатпар сырларды дөп басып айтқан. Қолына қалам алып, әуелі ел қамын ойлап, халқының мүддесін бәрінен биік қойған. Әлеумет үшін күресу – нағыз ерлердің, кіл мықтының ісі. Халқының мұң-мұқтажын да билікке тура жеткізе білуде Жылқыбай Жағыпарұлы күрескерлік танытқан. Бір жағынан осы қасиеті арқылы қаламгер халқына жақын болса, екінші жағынан өз жанының тыныштығын құрбандыққа шалады. Туа бітті күрескерлік қасиеті оның қаламынан жоғарыда атап көрсетілген өткір мақалаларды тудырды.

Жылқыбай Жағыпарұлының журналистік шығармашылығы «Арқа ажары» («Коммунизм нұры») газетінде өтті десек қателеспейміз. 1978 жылы осы газетке қызметке қабылданған публицист белсенді түрде тәуелсіз елдің болашақ тағдырын, мемлекеттің ертеңгі күніне керек тақырыптарды жаза бастады. Мамандығы тарихшы болғандықтан шығар, оның үнемі зерттеп отыратын саласы – тарих, тіл, дін, діл мәселелері.

Қаламгер қызмет еткен «Арқа ажары» газеті өзінің 100 жылдық тарихи даңғыл жолынан өту барысында аймақтың айнасына айналды. Ғасыр жасаған ел газетінің кіндігін ақын, Алаш ардақтысы Сәкен Сейфуллин кескен. Сол бір қиын-қыстау кезеңде қызыл империяның қан тамған қитұрқы саясатының өкпек желіне кеудесін тосып қойып, жұмыс істей отырып, жұртына жөн сілтеп, бағыт-бағдар берген басылым болды.

Сәкен Сейфуллин 1917 жылы негізін қалап, «Тіршілік» деген атаумен оқырманына жол тартқан басылым бүгінде халықтың көңілінен шыққан белді басылымдардың бірі. Сол жылдан бастап газет түрлі атаулармен жарыққа шықты. «Тіршілік», одан кейін «Жаңа Арқа», «Колхоз екпіндісі», «Сталин туы», «Коммунизм нұры» деп аталып, өз заманының сөзін сөйлеп, сойылын соқты. Сөйтіп, 1991 жылы еліміз тәуелсіздігін алған тұста газеттің «Коммунизм нұры» деген атауы «Арқа ажарына» өзгертілді. Ақмола қаласында 1999 жылға дейін басылып, 2007 жылы басылым редакциясы Көкшетауға көшірілді.

Аймақтық басылым «Арқа ажарының» дамуында өзіндік қолтаңбасы бар Ж.Жағыпарұлының журналистік шеберлігі тақырыпты, өзекті мәселені өткір түрде қоя білуімен ерекше. Ол қандай мәселені жазса да, оған тереңірек үңіліп, зерттеп барып жазатыны – осы салаға деген жауапкершілігінің молдығынан. Публицистің қаламынан туған проблемалық мақалалары оқырманның қызығып оқитын шығармаларына айналған.

Ж.Жағыпарұлының әдебиеттегі ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасы публицистикада шындалды. Әсіресе көркем публицистика жанрларында жиі қалам тербеген қаламгер кейіпкер бейнесін жасаудың хас шеберіне айналды. Публицист очерктің портреттік түрін өте көп жазған. Ал портреттік очеркті жазу кейіпкер болмысын толық зерттеуді, психологиялық мінездеме беруді талап етеді. Бұл шарт публицистің «Қыршын кеткен қазақ солдаты», «Менің редакторларым», «Құлпытастар сыр шерткенде» сынды очерктерінде шеберлікпен орындалады.

Осындай ерекшеліктерге ие Жылқыбай Жағыпарұлы өзінің тұрақты оқырмандары бар, халық көңілінен шыққан публицист-журналист. Қызық қуып, оқырманның сеніміне селкеу түсіретін мәнсіз тақырыптардан өзін аулақ ұстап, салмақты әрі салиқалы ой айтатын Ж.Жағыпарұлы сияқты журналистердің қатары көбейіп жатса құба-құп. Оның адамгершілік бейнесі, қаламгерлік қайраты - үлгі алуға тұрарлық дүниелер.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Төлепберген Б. Жылқыбайдың жарығы.// Астана ақшамы. – 2014. –№114(3171). – 9 қазан. – 10 б.
2. Әбдіхалық Ж. Шарболат сенім./ Астана: Елорда. – 2004. – 342 б.
3. Жүсіп Қ. «Арқа ажарының» бір игі жақсысы//– Арқа ажары. – 2017. – №171. – 24 маусым. – 4 б.

УДК77.091

### **ОСОБЕННОСТИ ПЕЧАТНОЙ ПРОДУКЦИЙ В КУЛЬТУРНОМ И ДУХОВНОМ РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА**

**Абдрахманова Айнур Госмановна**

*[ainur4ik-91@mail.ru](mailto:ainur4ik-91@mail.ru)*

Преподаватель кафедры печати и издательского дело

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Ғылыми жетекшісі – М.Б. Шиндалиева

Издание научно-технической литературы, применяемых во всех сферах общественной деятельности, предполагает большие затраты. До приобретения независимости почти вся продукция готовилась и издавалась в Москве на русском языке. Бытовало мнение, что техника и технология не может «говорить» по-казахски, что у казахского языка нет потенциала для данной отрасли науки. Огромное влияние на развитие отдельных отраслей науки оказало то, что представи-тели разных национальностей во всех учебных заведениях обучались только на русском языке. Но уже в двадцатые годы XX столетия казахская интеллигенция в соответствии с требованиями времени написала первые учебники, использовав богатство казахского языка. Это книги «Педагогика» М. Жумабаева, «Психология» Ж. Аймауытова,